

METRO Cash & Carry LLP
16 B, Sain street, 050031
Almaty, Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (727) 232 12 00
fax: +7 (727) 232 11 98

“METRO Кэш энд Керри” ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050031
Алматы қ., Саин көшесі, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

ТОО “METRO Кэш энд Керри”
Республика Казахстан, 050031
Алматы, ул. Саина, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ «METRO Кэш энд Керри» ЖШС

«METRO Кэш энд Керри» ЖШС өзін тәуелсіз кәсіпкерлердің білікті және мақсатқа ұмтылған бизнес-серіктес ретінде көрсете отырып, 21 миллионнан астам клиенттермен өзара тиімді қарым-қатынастарды үнемі өсіріп, нығайтып келеді, жарты ғасырдан астам уақыт бойы тауарлардың кең ассортиментінің көтерме саудасына бағытталап келеді және азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі саласында тұрақты табысқа жетуге ұмтылады. Біздің жетістігіміз 34 ел бойынша 750-ден астам дүкендердегі жеке қызметтер мен тауарлардың кең ауқымымен расталады. METRO-ның сапа саясаты көп арналы тәсіл арқылы тұрақты шешімдер мен қосымша экономикалық құндылығы бар қызметтерді ұсына отырып, клиенттерімізге бизнес мәселелерін шешуге көмектесуге бағытталған компанияның стратегиялық тәсілін қолдайды.

METRO компаниясының сапа саласындағы саясаты ұйымның барлық деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігінің тиісті мәдениетін қалыптастыруға және қолдауға компанияның берік ұстанымын растайды.

Қазақстандағы «METRO Кэш энд Керри» ЖШС-нің ағымдағы Саясаты келесі қағидаларға негізделген:

Міндеттемелер

- Біз METRO ұйымының барлық деңгейінде сапаны басқарудың тиімді жүйесін (СБЖ) енгізу, іске асыру және қолдау арқылы салада көшбасшылықты қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұл өз брендтеріміздің, Ultra Fresh өнімдерінің және METRO клиенттерінің бизнесіне арналған қызметтердің қажетті сапа деңгейін және айқын ерекшеленуін қамтамасыз етіп, олардың адалдығы мен қанағаттанушылығына ықпал етеді.
- Біз меншікті сауда таңбаларының өнімдері мен ингредиенттерінің жауапты өндірісін, соның ішінде Тұрақты даму саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету арқылы клиенттеріміздің бизнесінің тұрақты даму артықшылықтарын қорғай отырып, ең жақсы болашақ үшін жауапты серіктес болуға ұмтыламыз.
- Біз өнімдерге қосымша ретінде күнделікті бизнес-тапсырмаларға арналған қызмет пен шешімдердің құнды сапа бақылауын ұсына отырып, клиенттеріміздің бизнесін қолдауға тырысамыз.
- Біз клиенттеріміздің қажеттіліктері мен үміттерін тыңдау және олардың пікірлері негізінде азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі шешімдерінің портфелін құру арқылы клиенттеріміз үшін өзекті болуға тырысамыз.
- Біз ықтимал тәуекелдерді барынша азайтамыз және қауіпсіздікке, сапаға немесе заң талаптарын сақтауға қатысты ешқашан ымыраға келмейміз.
- Біз сапа және азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы шешімдерді қабылдау кезінде жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде тәуекелге негізделген тәсілді қолдана отырып, ықтимал тәуекелдерді барынша азайтамыз және қауіпсіздікке, сапаға әрі заңнама талаптарының сақталуына қатысты ешқашан ымыраға келмейміз.
- Біз өз ісімізді КО, ЕАЭО Техникалық регламенттерінің талаптарына және Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін, аллергиялар, таңбалау және орама қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеміз.

METRO

YOUR SUCCESS IS OUR BUSINESS

METRO Cash & Carry LLP
16 B, Sain street, 050031
Almaty, Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (727) 232 12 00
fax: +7 (727) 232 11 98

"METRO Кэш энд Керри" ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050031
Алматы қ., Саин көшесі, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

ТОО "METRO Кэш энд Керри"
Республика Казахстан, 050031
Алматы, ул. Саина, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

Қатынастар

• Біз клиенттеріміздің қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыратын өнімдердің қауіпсіз, сапалы ассортиментін, соның ішінде тағамдық, ультра балғын және меншікті сауда таңбаларын, ұсыну үшін білікті және беделді іскер серіктестермен жұмыс істейміз.

• Клиенттерімізді, олардың қажеттіліктері мен үміттерін түсіну – бұл біздің меншікті брендтерімізді әзірлеу барысында олардың жоғары сапасы мен азық-түлік қауіпсіздігінің кілті.

• Біз барлық мүдделі тараптар үшін ашықпыз, біз сапа мен азық-түлік қауіпсіздігі талаптарын бірінші орынға қоя отырып, қарым-қатынастардың тиімді менеджментін құра отырып, олардың үміттері мен қажеттіліктерін ескеруге тырысамыз.

• Біз меншікті сауда таңбаларымыздың өнімдерін сынау/бағалау және олардың үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз ету үшін зертханалар, сертификаттау бойынша органдар, университеттер және т.б. беделді және аккредиттелген іскер серіктестермен жұмыс істейміз.

• Клиенттеріміздің қажеттіліктері мен үміттерін дұрыс түсінуіне кепіл болу үшін біз меншікті сауда таңбаларын дамыту және меншікті сауда таңбалар өнімдерін бағалау бойынша клиенттерімізбен/бас аспаздармен жұмыс жасаймыз, бұл олармен мағыналы серіктестік құру және қолдаудың кілті болып табылады.

Басшылық рөлі

• Біз басқару жүйемізді ISO 9001 және ISO 22000 халықаралық стандарттарының қолданыстағы талаптарына, сондай-ақ FSSC сертификаттау схемаларының өзекті нұсқаларына сәйкестендірдік, бұл барлық клиенттеріміз бен мүдделі тараптарымыз үшін барынша тиімді артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді.

• Сапа мен азық-түлік қауіпсіздігін басқару стандарттарын қолдану азық-түлік тізбегінің барлық кезеңдерінде жеткізудің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар өңірлік акционерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тәуекелге негізделген тәсіл мен қажетті икемділікті сақтайды.

• Біз тәуекелдерді бағалау, жетекші халықаралық стандарттар және цифрлық технологияларды пайдалану негізінде METRO ұйымының барлық деңгейінде тиімді сапаны басқару жүйесін әзірлейміз, енгіземіз және тұрақты түрде қолдап отырамыз. Бұл барлық клиенттеріміз бен мүдделі тараптарымызды қорғауға және олардың алатын пайдасын барынша арттыруға бағытталған.

• Сапаны басқарудың бірыңғай стандарттарын қолдану өндірістің барлық кезеңдерінде және құндылықтарды қалыптастыру тізбегінде тұрақты сапаны қамтамасыз етеді, сонымен қатар жергілікті нарықтың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті икемділікке мүмкіндік береді.

• Процестерге, өнімдерге және қызметтерге енгізілетін барлық өзгерістер олардың азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне әсері тұрғысынан бағаланады.

Жақсарту

• Сапаны басқару және азық-түлік қауіпсіздігі жүйелерін, соның ішінде нәтижелілік пен тиімділікті арттыруға арналған барлық процестерді дамыту үшін біз жұмысымыз бен көрсеткіштерді үнемі бақылап отырамыз.

• Біз клиенттерімізге қолдау көрсетуге және өз біліктілігімізді арттыруға мүмкіндік беретін өнімдеріміз бен қызметтерімізді жақсартудың инновациялық әдістері мен құралдарын үнемі зерттеп отырамыз.

• Біз өз тәжірибемізден үйренеміз және сол тәжірибелермен нақты анықталған және тиімді коммуникациялық платформа арқылы бөлісеміз.

Адамдар

• Біз клиенттердің қанағаттануына қол жеткізуге ұмтылатын кәсіби және белсенді қызметкерлердің көмегімен қамтамасыз етілетін кемелдікке ұмтыламыз.

METRO

YOUR SUCCESS IS OUR BUSINESS

METRO Cash & Carry LLP
16 B, Sain street, 050031
Almaty, Republic of Kazakhstan
tel.: +7 (727) 232 12 00
fax: +7 (727) 232 11 98

"METRO Кэш энд Керри" ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050031
Алматы қ., Саин көшесі, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

ТОО "METRO Кэш энд Керри"
Республика Казахстан, 050031
Алматы, ул. Саина, 16 В
тел.: +7 (727) 232 12 00
факс: +7 (727) 232 11 98

• Біздің қызметкерлер оқу және кәсіби клиенттері бар сала мамандарын тарту арқылы релеванттық болып қала береді және біз бұл білімді азық-түлік қауіпсіздігінің кепілдігі бар жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін пайдаланамыз.

Бас Директор:

Сапа жөніндегі менеджер:



Докуган Месут

Кутжанова Куралай

Document Ref	Date	Issue No	Page	Doc Owner	Previous Issue	Reason for issue
					N/A	New document
QAC001	07.08.2019	1	2	MAG QA representative		
QAC001	27.07.2020	2	2	MAG QA representative		Revision of the Policy
QAC001	15.02.2021	3	2	MAG QA representative		Added responsibilities to legal requirements of Kazakhstan
QAC001	14.02.2022	4	2	MAG QA representative		Added the requirement of international standards ISO 9001 and ISO 22000 and current versions of FSSC certification schemes
QAC001	26.01.2023	5	2	MAG QA representative		Revision of the Policy New CEO
QAC001	29.01.2024	6	2	MAG QA representative		Updating of the Policy according GQA Policy
QAC001	07.02.2025	7	2	MAG QA representative		Revision of the Policy. Changed CEO name.
QAC001	20.01.2026	8	2	MAG QA representative		Updating the Policy. New CEO

METRO

YOUR SUCCESS IS OUR BUSINESS